



# «АЛТЫН САМҰРЫҚ» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ

**“Ертегі құрастыру да өнер”**

**Тәрбиеші: Аманкелді К**



# Кіріспе



**Ұйымдастыру кезеңі: Ертегі дегеніміз не?**

**Негізгі бөлім: Бала өзінің қиялын пайдалана отырып ертегі құрастыра алады ма?**

**Нәтижесі: Баланың қиялына толық еркіндік беру керек.**

**Мақсаты: Баланың сөздік шығармашылығын белсенділендіру, ертегіні өз ойынан құрастыруды үйрету.**

**Міндеті: Алынған тәжірибелердә пайдалана отырып, ертегіні құрастыруға үйрету. Өз шығармашылығын шыңдауға қанаттандыру.**

*Ертегі-бұл ең үлкен сезімдер мен мінез-құлықтардың, іс-әрекеттердің жинағы. Ертегіні балаға таныстыру процесі, мәнерлеп айтып беру болып табылады. Егер сіз балаға эмоция әлемі туралы түсінікті түрде айтқыңыз келсе, ертегі әрқашан сіздің қолыңызда. Ең бастысы әр кейіпкер өзгермейтін белгілі бір мінез-құлық иесі. Мысалы: қоян-қорқақ, түлкі-қу, қызғаншақ. Тіпті кіші жастағы балалар осы тұстан қарағанда түсінеді деуге болады. Қоянды “аяу керек”. Сол-солақ екен баланың көмекке келу сезімі оянады. Ол сол мезетте қоянға көмекке келетін кейіпкерлерді ойлап табады. Осылайша ертегі баланы қамқорлыққа тәрбиелейді. Бірақ бұнымен ертегі рөлі тоқтап қалмайды. Өзімізге бұрыннан таныс кейіпкерлері жаңа бір жағдайға тап болу кезеңін ұйымдастыру (қиял-ғажайып, сиқырлы) бұл тұрғыдан алғанда тағы бір айта кететін процесс ол ойын түрінде балаға ертегіні құрастыруды үйрету. Мысалы: “Дымбілмеске ертегі құрастыруды үйретсек қайтеді?”, “Айсұлу қуыршаққа жаңа ертегі айтып беру” т.б.с.с.*

*Тағы бір кезегі баланы қызықтыру. Мысалы: біз сендердің ойлап шығарған ертегілеріңді альбомға жазып қоямыз, кешке сендердің ата-аналарыңа көрсетеміз, кішкентай іні-қарындастарыңа айтып береміз. Ойдан шығаруға үйретудің әдісі оңай. Баладан белгілі бір ертегіден үзінді ұайталап айтуды немесе бәрі өз басынан өткендей, өз атынан әңгімелеп беруді талап етеді.*

*Тәрбиеші шығарманың бағытына ниеттес көңілмен қадағалап отырады. Баланың әр сөзіне сенетінін көрсетеді, сөйте отыра оның сөз мәнерін бақылап, жәй гана жөндеу енгізіп қояды.*



*Ертегілер көбінесе дауды шешу мәселесін тірек етеді. Дұрыс пен бұрысты, жақсы мен жаманды ажырата отырып ертегінің жағымды жағын ғана өз бойына сіңіре білуге үйретеді. Кей кезде балалар жағымсыз кейіпкерлерге де жандары ашиды. Мысалы: қасқыр мырза қатты жазаланса. Бұл бағытта бүтіндей бір сала деп “ертегі тарапиясын” айтуға болады. Ертегі әлеміне шомылған бала “тынышталған” және өз-өзіне сенімді болып оралады. Кей кезде сіз құрастырған бір керемет ертегіңіз болса бірнеше рет айтып беруіңізді сұранады. Бұл баланың психологиясына жағымды әсер етуі –дейді психологтар.*



*“Егер мынандай жағдай болса ше.....”- деген сұрақ арқылы да ертегіні өрбітуге болады екен. Балалар жауап беру үшін ең қиял гажайып дүниелерді айта бастайды. Оларды мынандай сұрақтар арқылы қиялдарын дамытуға болады: Егер біздің қалашығымыз ұшатын болса ше?, Егер үйіміздің есігін “ жолбарыс мырза” қағып сары май беріңізер десе ше?, Егер біз мұхиттың дәл ортасында тұрып қалсақ ше? т.б.*



Егер біздің  
қалашығы-  
мыз ұшатын  
болса ше?.....

Әркім өз  
қиялындағысын айтуы  
керек.



Маған бір  
тәрелке  
сары май  
бермес пе  
екенсіздер?



Егер біз мұхиттың  
дәл ортасында  
қалып кетсек  
ше?.....

# Ертегіні қалай ойдан құрастыруға болады?

ХАЛЫҚ  
ТЫҚ

ҚИЯЛ-  
ҒАЖАЙЫП

АВТОР  
ЛЫҚ

ЖАНУАРЛАР  
ТУРАЛЫ

ТҰРМЫС-  
САЛТ





*Мақсаты: ертегілердің сиқырлы, қиял зажайып, халықтық жануарлар туралы, авторлық, тұрмыс салт туралы түрлерін түсіндіретінін, құрастыруға машықтандыру. ТРИЗ технологиясының әдіс тәсілдерін пайдалана отырып өз ертегісін құрастыруға дағдыландыру болып табылады.*

*Балаларды суреттерге қарап отырып кейіпкерлердің мінез-құлқын сипаттауға, болмашы нәрселерге мән бере білуге, кішігірім оқиға ойлап табуыға жаттықтыру.*

*Ендігі кезек ертегіні жаңа сарынмен айту болып табылады.*

*«Бауырсақ» ертегісінің жаңа бір түрін ойлап шығарайық. Қане бәрің көздеріңді жұмыңдар. Мен сендерді құстарға айналдырып жіберейін.*

*- Көздеріңді ашыңдар, кім қандай құсқа айналды. (балалардың жауаптары.)*

*- Ойланыңдаршы сендер өздерің туралы не айта аласыңдар? Жыл құстарсыңдар ма?*

*- Ал енді барлығымыз орманға қарай ұшып барып. Ағаш бұтағына отырайық.*

*- Бауырсақ ертегісінің басталуын кім біледі? (бір бала бастап береді)*



- Міне біздің бауырсақ (ойыншық бауырсақ пайда болады)
- Бауырсақ терезеде жатудан жалығып, жолға түсіп домалап кетіпті. (бір балаға жақындап)
- Сен несің?-деп сұрайды.
- Мен торғаймын-дейді бала.
- Сен қандай аңсың? Өзің туралы айтшы.
- Жоқ мен аң емеспін мен құспын. .... (толық жауап беруі тиіс)
- Бауырсақ торғайдың айтқандарын тыңдап болған соң, ары қарай дөңгелей жөнеліпті. Екіншісіне келіп,
- Мен сенің кім екеніңді білемін, сен торғайсың-депті.
- Жоқ мен торғай емеспін мен қарлығашпын.
- Қарлығаш сен мұнда енғып жүрсің, өзің туралы айтып берші?
- Мен күз келгенде жылы жаққа ұшып кетемін.
- Неге ұшып кетесің?
- Себебі менің қыста бұл жерде жейтін азығым болмайды. Жәндіктердің барлығы көктемде пайда болады емес пе?.....
- Домалап келе жатқан бауырсақ сайраған құстың дауысын естиді. Оған ән қатты ұнап ненің дауысы екенін білгісі келеді.
- Сен кімсің, өзің туралы айтып берші.
- Мен бұлбұлмын, менің дауысыма барлығы тамсанады.....
- Ары қарай домалап келе жатып, батпақта жүрген ұзын аяқты тырнаны көреді.
- Сен қай жануарсың?-деп сұрайды.

*-Мен жануаремеспін, мен құспын.*

*-Жоқ, сен құс емессің, мен құстарды көрдім олар өте кішкентай және бұтақта отырады, ал сен үлкенсің.*

*(Бала өзінің аң емес екенін дәлелдеп береді.)*

*Таңқалған бауырсақ ары қарай жүре береді.*

*Сөйтіп бауырсақ көп нәрсені біледі. Ақыры соңында бауырсақ өз үйіне қайтып домалап келіп есік алдындағы күрке тауықты көреді.*

*Сөйтіп оған, қалай ойлайсыңдар не деді?(балалардың ойын тыңдайды)*

*-Күрке тауық мені жемеші мен саған қыста ұшып кететін және қыстап қалтын құстар туралы көргенімді айтып беремін-депті.*

*Сол кезден бері олар күніге кешке бауырсақтың көрген, білген әңгімесін тыңдайтын болыпты .Мақсат мұратына жетіпті.*

*Ертегіні әр түрлі заттармен, тіршілік иелерімен, табиғат құбылыстарымен құрастыруға әбден болады.*

*Қорытындылай келсек: ертегіні ойдан құрастыру дегеніміз-балаға ойдан шығарып айтуға толық еркіндік беру. Бала сөйлеу тіліне неғұрлым жақсы дайындалған болса, оның қиялдау қабілеті де, шығармашылық қабілеті де соғұрлым жақсы дамиды.*

МЕН ЕРТЕГІ  
ҚҰРАСТЫР  
ҒАНДЫ  
ЖАҚСЫ  
КӨРЕМІН





НАЗАР САЛЫШ  
ТЫҢДАҒАНДАРЫ  
ҢЫЗҒА РАХМЕТ!

